

Шал ақын ауданының АА директорының м.а.

Н.Т. Абуов

2023 жылғы 14 шілде



**«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы»
КММ «Шал ақын ауданының аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК
КОРПОРАТИВТІК ӘДЕП КОДЕКСІ**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Әдеп кодексі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әзірленді, этиканың негізгі құндылықтары мен принциптерін, іскерлік қарым-қатынастың этикалық нормаларын белгілейді.
2. Осы Кодекстің мақсаты мәдениетті дамыту, іскерлік тәртіптің тәжірибесін қолдану жолымен мүдделі тұлғалармен тиімді өзара әрекет жасау болып табылады.
3. Осы Кодекс басқару процесі мен медициналық қызмет көрсету тиімділігін, мүдделі тұлғалармен өзара әрекет жасауын жоғарылатуға мүмкіндік туғызады.
4. Кодексте келесі ұғымдар қолданылады:
 - 1) әдеп – іскерлік қарым-қатынастың принциптері мен нормалардың жиынтығы
 - 2) мүдделі тұлға – заңнамамен қарастырылған құқықтардың іске асырылуы бұзылған тұлға
 - 3) мүдделер дауы – қызметкердің жеке мүддесі лауазымдық міндеттердің риясыз орындалуына ықпал ететін немесе ықпал ете алатын жағдай
5. ОБА қызметкерлері кез келген шешімдерді қабылдау кезінде басшылықпен, әріптестерімен және мүдделі тұлғалармен қарым-қатынас кезінде осы Кодекстің ережелерін қолдануы тиіс.

2. Іскерлік қарым-қатынастың әдеп нормалары

6. Аурухананың қызметкерлері:

- кәсіби қызметтерді адал, дұрыс, жауапты орындау міндеттерін өз мойнына алады. Аурухана орынды сақтықпен дау-дамайлардан аулақ жүруі керек
- лауазымдық міндеттерді орындау кезінде жеке қарым-қатынастарды немесе жеке пайданы емес, аурухананың мүддесін басшылыққа алуы тиіс
- өзінің жұмысқа деген қозғарасымен және тәртібімен ұжымдағы тұрақты және дұрыс жағдайды құруға мүмкіндік туғызуы тиіс

- аурухананың мүлкіне ұқыпты қарап, оны ұтымды және тиімді пайдалануы тиіс

- өзіне де қатысты емес, басқаларға да қатысты емес мүдделер дауы пайда болуы мүмкін жағдайларға жол бермеуі тиіс. Мүдделер дауын болдырмау аурухана мен оның қызметкерлерінің мүдделерін қорғауын қамтамасыз ету үшін маңызды болып табылады.

- белгіленген тәртіпте уақытында аурухананың басшылығымен жұмыстың орындалуы және/немесе басқа ұйымдарда қызмет атқару жөнінде хабарлауы және келісуі тиіс. Егер қызметкер ауруханадағы еңбек қызметін басқа ұйымдағы жұмыспен қоса атқарса, онда оның қосымша еңбек қызметі:

- тек негізгі қызметтік міндеттерді орындаудан бос уақытында жүзеге асырылуы мүмкін

- оның негізгі міндеттерін орындауына теріс ықпал етпеуі тиіс

- аурухананың беделіне және материалдық мүдделеріне нұқсан келтірмеуі тиіс

7. Дәрігердің кәсіби қызметіндегі басты мақсаты — адам өмірін сақтап қалу, аурулардың алдын алумен денсаулықты қалпына келтіру, сонымен қатар, жазылмайтын аурулар кезіндегі зардапты азайту. Дәрігер өз міндеттерін Гиппократ антын, адамгершілік пен мейірімділік принциптерін басшылыққа ала отырып, ар-ұяты бойынша орындайды.

8. Дәрігер өзінің шешімдері мен іс-әрекеттері үшін толығымен жауапты болады. Науқасқа көрсетілетін көмектің сапасы оның білімі мен біліктілігінен жоғары болуы мүмкін емес екендігін ескере отырып, ол үшін ол жүйелі түрде кәсіби тұрғыдан жетілдіруге міндетті. Өз қызметінде дәрігер медицина ғылымының соңғы жетістіктерін, оған белгілі және ҚР ДСМ қолдануға рұқсат етілген жетістіктерін қолдануы тиіс.

9. Өзінің дәрігерлік қызметінде дәрігерен алдымен науқастар мен медициналық қауымдастық алдында моральдық жағынан жауапты болады, ал Қазақстан Республикасының заңдарын бұзғаны үшін — сот алдында жауапты болады. Бірақ, дәрігер, ең алдымен оның дәрігерлік жолындағы басты төрешісі — оның өзінің ар-ұяты екендігін естен шығармауы тиіс.

10. Аурухана қызметкерлері өзінің қызметтік міндеттерін атқарғаны үшін сыпайылық пен қонақжайлылық нормаларына сәйкес немесе хаттамалық пен өзге ресми іс-шараларды өткізу кезінде символдық ілтипат белгілері мен символдық кәдесыйлардан басқа, ақша, қызмет көрсету түріндегі немесе өзге түрдегі бейресми төлемдерді қабылдауға құқығы жоқ.

11. Жұмыс жағдайын құру мен сақтауда қызметкерлер іскерлік этикеттің келесі нормалары мен ережелерін сақтауы тиіс:

- шығу тегіне, әлеуметтік, қызметтік пен мүліктік жағдайына, жынысы мен нәсіліне, ұлтына, тіліне, дініне деген көзқарасына, пікірлеріне, тұрғылықты жеріне және кез келген өзге мән-жайларға байланысты емес адам мен азаматтың ар-намысын құрметтеуі

- Елтаңба, Ту, Әнұран – мемлекеттің рәміздеріне құрметпен қарауы
- корпоративтік рәміздер мен дәстүрлерге құрметпен қарауы
- мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, барлық халықтардың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына құрметпен қарауы
- жұмыс уақытында қызметтік міндеттерді орындаумен байланысты емес істермен айналыспауы
- әріптестерге көмектесіп, білімі мен тәжірибесімен бөлісуі
- әрдайым көмек үшін алғыс айтуы, егер ол толық көлемде көрсетілмесе де
- немқұрайдылыққа және дөрекілікке төзімді болмауы
- жат пікірге ұқыпты болуы
- қызметтік міндеттерді орындау кезінде ұялы телефонмен пайдалануды шектеуі
- сағызды пайдаланбауы, аурухана аумағында шылым шекпеуі

ДӘРІГЕР МЕН ПАЦИЕНТ

12. Дәрігер пациенттің дәрігерді таңдау мен емдеу-алдын алу шараларын жүргізу жөніндегі шешімдерін қабылдауға қатысу құқығын құрметтеуі тиіс. Пациенттің емделуге деген еркін келісімін дәрігер әдетте науқаспен жеке сөйлесу барысында алады. Осы келісім саналы болуы тиіс, науқас міндетті түрде емдеу әдістері жөнінде, оларды қолдану салдарлары жөнінде, атап айтқанда, мүмкін болатын асқынулар жөнінде, басқа да баламалы емдеу әдістері жөнінде хабардар болуы тиіс. Емдік-диагностикалық шараларды пациенттің келісімінсіз өткізу тек пациенттің өмірі мен денсаулығына қауіп төнген және оның жағдайды дұрыс бағалай алмау жағдайларында ғана рұқсат етіледі. Осыған ұқсас жағдайларда шешімді алқа болып шешкен дұрыс. Баланы емдеу кезінде дәрігер оның ата-анасы немесе қамқоршысына толық ақпаратты ұсынуға, олардың сол немесе өзге емдеу әдісін немесе дәрілік құралды қолдануға келісімін алуға міндетті.

13. Дәрігер пациенттің ар-намысын құрметтеуі тиіс, оған мейіріммен қарауы, оның жеке құпиясына деген құқығын құрметтеуі, туған-туысқандары мен жақындарының науқастың жағдайына деген алаңдаушылығын түсіністікпен қабылдауы тиіс, сонымен қатар, ол соған жеткілікті кәсіби себептерінсіз пациент пен оның отбасы мүшелерінің жеке істеріне араласпауы тиіс.

14. Дәрігерге науқаспен сөйлесу барысында өзін-өзі жарнамалауға жол берілмейді.

ДӘРІГЕРЛІК ҚҰПИЯ

15. Әр пациенттің жеке құпияны сақтауға құқығы бар, және дәрігер мен медициналық көмек көрсетуге қатысатын басқа да тұлғалар, егер науқас өзгеше бұйырмаса, пациенттің өлімінен кейін де дәрігерлік құпияны да, медициналық көмекке жүгіну дерегін де сақтауға міндетті.

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР

16. Зерттеуге қатысуға саналы келісiмiн бере алмайтын пациенттерге қатысты, келiсiм жазбаша түрде ата-анасынан немесе басқа заңды өкiлi – заңды жауапты тұлғадан алынуы тиiс. Ұқсас зерттеулер өмiрдi сақтап қалу, зерттелушiнiң денсаулығын қалпына келтiру немесе сақтау мақсатында, оған зиян келтiрмей, денсаулығы мен бар ауру ағымын нашарлатпай жүргiзiледi.

17. Басшылар мен бағынышты қызметкерлер арасындағы қарым-қатынаста iскерлiк этикеттiң келесi нормалары мен ережелерiн сақтау ұсынылады:

- бағыныштыларға әдеп пен iскерлiк этикеттiң нормалары мен ережелерiн жақсы меңгеру үлгiсiн көрсету
- басқа қызметкерлердiң көзiнше бағыныштыларға сын айтпау, бұны жеке көзбе-көз iстеу
- бағыныштылардың алдында өзiнiң қателiктерiн мойындау және оларды өзiнiң атына айтылған сындарлы сын үшiн қысым жасамау
- басшыны тiкелей Сiздiң болмау себептерi жөнiнде хабардар ету
- әрiптестердiң көзiнше басшының әдепсiз тәртiбiне жауап бермеу, егер Сiз өз дұрыстығыңызға сенiмдi болсаңыз, жеке кездесу жөнiнде сұраңыз
- бөлiмшелердiң басшыларын түрiне қарап және аты-жөнi бойынша бiлу
- бөлмеге кiретiн адам (соның iшiнде басшы да) отырған адаммен бiрiншi болып амандасады

18. Қызметкерлер әрiптестермен қарым-қатынаста мыналарды бiлулерi тиiс:

- жалпы моральдi-этикалық нормаларды сақтау, сыпайы мен әдептi болуы
- басқа медициналық қызметкердiң кәсiби бiлiктiлiгiне көпшiлiк ортасында күдiк келтiрмеуi
- қызметкерлер арасында субординацияны сақтау

19. Сырт келбетке қойылатын негiзгi талаптар:

- ауруханада қабылданған медициналық қызметкердiң киiм түрiне сәйкес киiну, арнайы киiмi өте таза және үтiктелген болуы тиiс, барлық түймелерi салынған болуы тиiс
- ауыстырып киiлетiн аяқ киiм жыл мезгiлiне байланысты емес ыңғайлы, дыбыссыз болуы тиiс, «өкше» ашық болуы мүмкiн, бiрақ, «шұлық» емес, ауыстырып киiлетiн аяқ киiмде түрлi әшекейлер мен сәндiк бұйымдар ұсынылмайды. Спорттық аяқ киiмдi, түрлi сандалдарды, сланцыларды киюге рұқсат етiдмейдi.
- әр қызметкер лауазымы, аты-жөнi, тегi көрсетiлген бейджетi тағуы тиiс

- шаштары ұқыпты түрде қалпақтың астына жиналуы тиіс, шаш үлгісі ұқыпты болуы тиіс
- іскерлік этикетте косметиканы қолдануға болады, бірақ макияж бірқалыпты, нақты түрге келетіндей болуы тиіс. Қатты, ауыр иісті дезодоранттар мен әтірлер болмауы тиіс.
- хирургиялық бейіндегі бөлімшелердің қызметкерлеріне, емшара кабинеттерінің қызметкерлеріне, сонымен қатар, барлық орташа медициналық қызметкерлеріне қандай да бір қолға тағылатын әшекейлер (жүзіктер, білезіктер, сағаттар мен өзге) рұқсат етілмейді. Әшекейлер мәселесі іскерлік этикеттің жалпы ережелерімен анықталады (әшекейлер ірі емес, әшекейлерден: жіңішке алқа, неке жүзігі рұқсат етіледі).
- қызметкерлердің қолдары мен аяқтары таза және күтілген болуы тиіс, пациенттермен жұмыс істейтін медициналық қызметкерлердің тырнақ ұзындығы – қысқа болуы тиіс, тырнақтарға бояу жағу рұқсат етілмейді
- арнайы киім киюді талап етілмейтін қызметкерлер үшін (әкімшілік қызметкерлер) рұқсат етілмейді- кең ойылған киім, жоғары тілінген белдемшелер мен койлектер (ұзындығы тізеден төмен немесе тіземен бірдей), киімдерде ірі және ашық оюлар, суреттер, жазулар, шолақ шалбар, жағажайлық және спорттық киім, ішкі киімді көрсету (киімнен көрініп тұратын), биік өкшелі аяқ киім
- егер Сіз көзілдірік киетін болсаңыз, жұмыста шынысы қарайтылған үлгіні пайдаланбаңыз

3. Мемлекеттік органдармен және іскерлік серіктестермен қарым-қатынас

20. Мемлекеттік органдармен қарым-қатынас ҚР заңнамасының талаптарына, Жарғыға және ішкі құжаттарға, сонымен қатар, осы Кодекстің ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

21. Шарттың талаптарына сәйкес, іскерлік серіктестермен өзара пайда, ашықтық пен өз мойнына алған міндеттемелер үшін толық жауапкершілік принципіндегі қарым-қатынас.

22. Аурухананың қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық пен басқа құқық бұзушылық әрекеттерді болдырмас үшін аурухана бар күшін салады.

4. Жауапкершілік

23. Әр қызметкер өз тәртібі шеңберінде этикалық нормалардың сақталуына жауап береді. Осы Кодекстің нормаларын сақтау аурухананың басшылығы мен қызметкерлеріне міндетті болып табылады. Осы Кодекстің нормаларын бұзу белгіленген тәртіптегі тәртіптік жауапкершілікке әкеледі.